Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

13 ақпан сейсенбі
№13 (2023)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

30 жыл

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Өткен аптада Ақтөбе облысының аумағында ауа райының бұзылып, қатты боран соғуы салдарынан республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автокөлік жолының 1240-1357 шақырымы жабылған еді. Соған сәйкес Ақтөбе мен Арал ауданына дейінгі аралықта барлық көлік қозғалысына шектеу қойылды.

Алдын ала айтылған ескертуге қарамастан жолға шыққандар діттеген жеріне жете алмады. Елімізде ақ түтек бораннан адасып, жолда қалу оқиғалары жиі орын алуда. Тіпті ата-анасымен бірге кішкентай балалардың да адасып кеткендігі әлеуметтік желілерде жариялануда. Төтенше жағдай қызметі күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Өз кезегінде Арал ауданынан 20 шақырым қашықтықта жол патрульдік полициясының 12 инспекторы 6 автокөлікпен жол бойында жұмыс істеді. Ал Ақтөбе қаласына қарай бет алған 584 жүк көлігі, 13 жолаушылар көлігі, 210 жеңіл көлік және 1000-ға жуық жолаушы мақсатты жеріне жете алмай, жолда қалды. Осыған байланысты аудан әкімдігі жанынан жедел штаб құрылып, жергілікті мекемелер мен кәсіпкерлер, еріктілер білім бөлімі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жолаушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды. Сонымен бірге әйелдер мен балалар аудан орталығындағы индустриалды-техникалық колледж жатақханасына орналастырылды. Жолаушылардың денсаулығы медицина мамандарының бақылауында болды. Тиісті бағыттағы жол ашылғанша жол бойындағы қызмет көрсету кешендеріндегі азық-түлік пен тамақ бағасын жергілікті әкімдіктің бақылауда ұстады.

Ал Қазалы ауданының Ойынды елді мекені тұсындағы «Мирас» кешеніне 135 жүк көлігі мен 35 жеңіл автокөлік тоқтатылып, 200-ге жуық жолаушыға көмек көрсетілді. Оның ішінде дәрі-дәрмек, ауызсу тегін таратылды. Баламен жүрген жолаушыларға аталған кешеннің қонақүйінен жатын орын берілді.

Мұндай іс шара Қызылорда қаласа мен аймақтың өзге аудандарында да жалғасты. Аудан әкімдіктері тарапынан жолаушыларға тиісті көмек көрсету жүктелді. Жағдай ды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тікелей қадағалады.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, «Арал-Ақтөбе» автожолының жабылуына байланысты облыстағы кемпингтерде 2636 автокөлік (2085 ауыр жүк көлігі, 532 жеңіл автокөлік, 19 жолаушылар көлігі), 4410 жолаушы тоқтаған. Әр аудан әкімдігіне, тиісті сала басшыларына жолаушыларды жатын орынмен, ыстық тамақпен, қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз ету, жанармай және газ құю бекетіндегі бағаның тұрақтылығын сақтау, жедел жәрдем қызметін ұйымдастыру бойынша тапсырмалар берілді. Осылайша облыс тұсында тоқтаған жолаушыларға қажетті көмек көрсетілді.

А.ӘЛІМ

АЛҒАШҚЫ ТАПСЫРМАНЫ АЯШҰЛЫ БЕРДІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қиын уақыт болды. Менмін деген мамандардың өзі жұмыс таппай қаңғалақтап қалған еді ғой. Бірақ небір ауыр замандарды көріп, қиындыққа шыдай білген халықтың ұрпағы болған соң бұдан да өттік. Тіпті ата-бабамыз қанша қилы жылдарда да қыз ұзатып, той жасап, арасында әзіл оспағын араластырып, бір-бірінің көңілін көтере білген дейді. Сондай елдің болашағы жаман болмаса керек. Сол жылдары мен Құмкөл кенішінде құрылысшы болып жұмысқа тұрған едім. Бірде газетке жарнама беруге «Сыр бойы» газетінің редакциясына келдім. Жарнама бөліміндегілер әлі түскі үзілістен келмеген екен, күте тұруға тура келді.

Есік алдында екі жігіт сөйлесіп тұрған екен. Газет қызметкерлері сияқты көрінді. Себебі «Газетке жазатын мақала көп, бірақ әзіл-сықақ жағы қиындау болып тұр. Сықақ жазатын адам аз. Мына заманда кім сықақпен жұртты күлдіртпекші, – деген сөздерін естіген соң жақындап келіп таныстым. Бірі – Дүйсенбек, екіншісі – Әділмін деді. Әділ Дүйсенбекті «Аяш деген ақын осы» деп, танысу рәсімін толықтырды. Бұл есімді газеттерден оқып жүргеннен болар әңгімеміз жарасып кетті. Ескі таныстардай біраз әңгімелестік. Мен тыныш тұрмай «Бірге жұмыс істейтін жұмысшылар арасында әзілқойлар жеткілікті. Ал ауыл жақта тіпті көп қой» – дей салдым. Дүйсенбек бас салып жабысты. Газетке берем деген жарнама жайында қалды. Қысқасы, Дүйсенбек Аяшұлынан «Тез арада бір-екі әңгіме жазып әкел» деген тапсырма алып, үйге кәдімгі шығармашылық қанат біткендей қайтқаным бар. Қимылы қолды-аяққа тұрмайтын шапшаң болғанымен сөзі салмақты Дүйсенбек Аяш ақынмен осылай таныстым.

Кейін бір-екі әңгімем шыққан соң ол «Келесі нөмірге мақала жетпей жатыр. Тез бір-екі әзіл әңгіме әкеліп тастаушы», – деп асықтыратын болды. Үйдегі балаларым да сыртынан Аяшұлының кім екенін танып қалды. Бірде редакцияға бірге еріп барған қызым «Мен сияқты әкесіне еріп жүрген оқушы шығар десем, Аяшұлы осы екен ғой» дегені бар. Сол Дүйсенбек Аяшұлы елімізге белгілі ақын болды.

1990-шы жылдардың ауыртпалығы батқан елге аз да болса еңсесін көтеруге сеп болар деген мақсатпен, күндегі жалаң хабарлардан шаршаған халыққа аз да болса әзіл, қалжың, сықақ аралас әңгіме ұсынған едік. Көңілдерін зіл басқан жұрттың көңілінен шыққан болуы керек, осы «Ақмешіт апталығының» келесі нөмірін жұрт тағатсыздана күтіп жүретін болды. Соларды көріп, мәз болатынбыз. «Ақмешіт апталығы» газетінің арқасында талай талантты журналистпен таныстым. Сол кездегі газет редакторы Әділхан Бәйменовпен әңгімелесу өте тартымды әрі қызық болатын.

Құрылыс жұмысынан қол тимей жүрген кездерімде маған «Түбінде кәсібіңді өзгертіп, бәрібір маған келесің», – деп денесі селкілдеп, кеңк-кеңк күліп қоюшы еді.

Сол Әдекеңнің арнайы тапсырмасымен біраз адамдардан сұхбат алған кездерім де болған еді.

Газеттің бас редакторының орынбасары Аманжол Сақыпұлы кейін елге танымал «Халық» газетін ашты. «Ақмешіт апталығы» редакциясында сол кездері жұмыс істеген қыз-жігіттердің бәрінің де қызметтеріне құлшына кірісетіндері, жүздерінен мейірім төгіліп тұратыны есте қалыпты.

Данияр ЖӘРІМБЕТОВ

ҚАЛАДА ЖАҢА АВТОБУС КӨБЕЙДІ

Шаһарда қоғамдық көлік қызметі жақсарып келеді. Кеше тағы жаңа автобустар келіп, 70 автобус қалаішілік бағыттарға қосылды. Автобустарды табыстау шарасына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Серік Қожаниязов, ардагерлер мен жауапты сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы қызылордалықтарды жаңа қоғамдық көліктердің ел игілігіне табысталуымен құттықтады.

– Соңғы екі жылда мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем, орманшыларға 470 техника, құқық қорғау органдарына 92, ветеринарларға 30 қызметтік автокөлік, электр тарату торабына 16 автокөлік алынды. «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына күнделікті ел тұрмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында соңғы екі жылда 200 жаңа автобус алдық. 2022 жылы 150 жаңа автобус сатып алынса, өткен жылы тағы 50 үлкен сыйымдылықтағы көлік қалалық және қала маңындағы бағыттарға қосылды. Осы жылы 100 жаңа автобустың ел игілігіне берілуі жоспарланса, соның 70-і бүгін табысталуда. Осылайша облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешеміз. Баршаңызды қалалық бағыттарға қосылатын жаңа қоғамдық көліктердің табысталуымен шын жүректен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада көлік саласының ардагері Өмірбек Шәменов те жерлестерін құттықтады. Айта кету керек, «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-на қарасты үлкен сыйымдылықтағы автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандар, ересектер мен оқушылар үшін QR-кітап оқуға қолайлы жағдай жасалған. Ал автобустардың келуін «2 ГИС» және «Яндекс GO» ұялы қосымшалары арқылы бақылауға мүмкіндік бар.

Қазір өңірде жол-көлік саласын дамытудың ауқымды жобалары жүзеге асуда. Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол жөндеуден өтті. Нәтижесінде облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 25 млрд теңгеге 230 шақырым жол жөнделеді. Мамандардың айтуынша, жыл соңына дейін жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 90 пайыздан асады.

Г.ҚЫМБАТ

ТҮЙЕ БАҒАТЫН ФАТИМА

Түйе бағу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ер кісілердің өзі бұл кәсіпке баруға жүрексінеді десек, артық айтқандық емес. Ал жаны нәзік әйел заты үшін қиынның қиыны. Талсуат ауылының тұрғыны Фатима Кемалова Ойсылқара төлінің қыр-сырын меңгеріп, кәсібін дөңгелетіп отыр.

3-БЕТТЕ

QR код арқылы кейіпкеріміз Оразбек Әбдіәжиттің әншілік өнеріне тәнті боласыз.

АҒЗА ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ: ҚОС ТАҒДЫР ІЗІМЕН

Ағза трансплантациясының ең күрделі кезеңі тек хирургиялық ота емес, науқас үшін лайықты донор табу да машақат. «Трансплантауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру» орталығының дерегіне сүйенсек, жыл сайын 300-ден астам қазақстандық донор тапшылығынан көз жұмады екен. Өкініштісі, әрбірі соңына дейін үміт үзбей, қайырымды жанның қолдауын күтеді. Қай күні қуанышты жаңалық естимін деп ұялы телефонға телміріп, қоғамдық қор жағалағаны да аз емес! Тіпті хабар күтуден жалығып, қалыпты өмірін жалғастыру үшін тағдырын тәуекелге байлаған жан да жетерлік.

Осындай алуан сезім жетегінде күн кешкеннің бірі – қызылордалық Оразбек Әбдіәжит пен астаналық Жәнібек Оспанов. Бүгін қос кейіпкердің тағыры, өмірлік ұстанымы, медициналық диагнозын тарқату арқылы елдегі трансплантация жүйесін тарқатуды жөн көрдік. Себебі Жәнібек Қазақстандағы алғаш жүрек трансплантациясы жасалған науқас болса, Оразбек аймақтағы донор күткен жастың бірі. Сондықтан екі тарих, екі кезең сала дамуының жай-күйі мен мәселесін саралауға мүмкіндік бермек.

КӨМЕК СҰРАМАЙМЫН

Оразбек созылмалы бүйрек ауыруымен ауырады. Бала кезде жабысқан індет есейгенде ес жидырмаған. Қазір де халі жақсы емес. Әр 4 сағат сайын дәрі ішіп, тұрақты бақылауда болуы шарт. Күнде қайталанатын күнделікті ем қажытқаны былай тұрсын, керекті дәрі-дәрмектің өзі көк шығын. Міне, осының бәрі Оразбекті сан ойға жетелейді. Небары 23 жастағы жалынды шағында тағдыр сынағын өткеру, әр таңды үмітпен атыру кімге жеңіл болсын... Содан-ау, іштей білдірмесе де әр сөзінен үміт пен күмән сезілетіндей. – Бізге берген пікірінде жас жігіт емес, ақыл тоқтатқан азаматтың ойын айтып, аскақ ұстанымын аялай жеткізді. Мүмкін, өмір есейткен болар...

– 2001 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Отбасымда анам және екі бауырым бар. Әрбірі қолдау білдіріп, дертіме дауа табуға бар күш-жігерін салып келеді. Олардың демеуі, ұмтылысы шабыт сыйлап, алға мақсат қоюға септесуде. Себебі анам да созылмалы бүйрек дертіне шалдыққан. Солай бола тұра бар мүмкіндікті алдымен менің пайдаланғанымды қалайды, ем-домның тұрақты жүргізілуін қадағалайды, – дейді Оразбек.



Дәрігерлер Оразбекке бүйрек ауыстыру қажетін айтқанымен, әзірге лайықты донор кезікпегені қиынға соғып тұр. Оған қоса елдегі донор жетіспеушілі де қолбайлау. Мысалы, 2022 жылы 3000 адамға ағза керек болса, өткен жылы 4000 адам трансплантацияға мұқтаж болған. «Трансплантауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру» орталығының дерегіне сенсек, күту парағында кезекте тұрған 3916 науқастың 110-ы бала. Оларға жүрек, бауыр, өкпе және бүйрек керек екен. Оразбектің де тағдыры осы мәндес. Кезек бар, алайда донор жоқ. Көмегі болар деген ниетпен қоғамдық қорларға дерегін қалдырып, қайдан көмек келерін күтуде.

Алайда өзге науқастардың психологиясындай емес, қызылордалық жастың рухы биік. Колледжді дәнекерлеуші мамандығы бойынша бітіргенімен, ән салуды жаны сүйіп, Алматыны бағындыруға бел буады. Бүгінде шығармашылығын дамытып, бірнеше әннің авторына айналған. Айтуынша, дертпен күресуге өнердің де ықпалы болыпты. Көзқарас, ұстаным, қоғаммен қарым-қатынасты жүйелеуге әннің септігі тигенге ұқсайды.

– Қазір ән жазу үстіндемін. Алматыға келгендегі мақсатым да сол еді. Ауырдым деп жата беру жарамайтынын ерте түсінгендіктен, ән айту мен табыс табуды қатар алып жүруге тырыстым. Мамандық бойынша жұмыс істемесем де табысы тәуір жұмыстан қашқан емеспін. Шығармашылығыма мүмкіндікті, ем-домыма қажетті қаржыны өз күшіммен табуға барымды саламын. Білемін, телеарна мен әлеуметтік желіде жайымды айтсам, көмек беруге ұмтылатын азамат көп-ақ. Алайда мен ешкімнен ештеңе сұрамаймын. Тек дертіме дауа табылып, донор кезіксе екен, – дейді кейіпкер.

2024 жылдың 10 қаңтардағы есеп бойынша Қазақстанда 3961 адам донорға мұқтаж. Оның 3613-не бүйрек қажет. Ал 174 ересек пен 10 балаға бауыр доноры табылмай жатыр. 145 адам жүрек үшін кезекте тұр.

ӨМІРГЕ ҚАЙТА КЕЛДІМ

Екінші кейіпкеріміз Жәнібек Оспанов – қайтыс болған адамның жүрегін алған алғашқы қазақстандық. Ағза трансплантациясының дамуының куәсі әрі саланың алға жылжуына септесуші қатарында. Жуырда Жәнібекке хабарласып, тағдыршешті қадамның қалай жүзеге асқанын білген едік.

– Бала кезімде жиі тамағы ауырып, ангина болған. Өсе келе асқынып, артрит, полиартрит, ревматоидты артритке ұласып, ақырында жүрекке әсер етіп тынды. Түрлі ем жасалды, ешбірі септеспеді. Дерттің жалғыз емі жүректі ауыстыру еді. Ұзақ жүріп, соңында, яғни 2008 жылы жансақтау бөліміне түстім. Төрт жыл бойы өмірімді ұзарту үшін бар күшімді салдым. Бірақ ауру асқына берді. Трансплантация қажет болды. Мен бұл туралы бәрін зерттеп, отаны шетелде жасату үшін қомақты қаржы керек екенін ұқтым. Аурудан тұрақты жұмыс істей алмай, күзетші болған кезім де өтті, – дейді ол.

Үміт алдамайды емес пе! 2012 жылы Жәнібектің өміріндегі маңызды сәт туды. Сол жылы кезекті рет кардиохирургия орталығында отаға түскен шақта жақын маңдағы клиникада бір адам жан тапсырғаны туралы хабар келеді. Ол – 49 жастағы Галина Воротникова еді. Таңқаларлығы, марқұмның басқа ағзасы сау, миы қызметін тоқтатқан көрінеді. Ұрымтал тұсты пайдаланған дәрігерлер марқұмның жүрегін Жәнібекке салу туралы шешім қабылдайды. Бұл Оспановтың өмірінде ғана емес, Қазақстан медицинасындағы тұңғыш мәйіттік жүрек доноры болатын. Сондықтан тарихи сәтті дәрігерлер де қобалжи күтті.

Он шақты жыл өтсе де маңызды кезеңнің әр сәті кейіпкер жадында екен. Жәнібек марқұмның жүрегін алуға туыстарының қалай рұқсат бергенін, бұл жаңалық елдегі мәйіттік донорлықтың жаңа деңгейіне шығуына қалай әсер еткенін әсерлі жеткізді.

– Бұрынғы сұхбаттарымда айтқанымдай, донор болу әрі адам өмірін арашалау ерлікпен тең. Себебі дер кезінде шешім қабыладау кімге болсын оңай емес. Мысалы, маған анасы Галина Воротникованың жүрегін донорлыққа пайдалануға ұлы келісім берген. Оның есімі Игорь. Оның шешімі менің өмірімді сақтап қана қалмай, Қазақстанда алғаш рет жүрек трансплантациясын жасауға жол ашты. Көп адам дүние салған соң ағзасын донор ретінде пайдалануға келісім беріп, үлкен өзгеріс орын алды. Мен де өмірге қайта келдім, – дейді Жәнібек.

Бүгінде кейіпкеріміздің денсаулығы қалыпты. Тұрақты өмір қалпына қосылған. Айтулы оқиғадан кейін өмірге көзқарасы, мақсаты өзгеріп, қоғамдық іске араласуға кіріскен. Айналасына жақсылық сыйлауға талпынып, тағдырлас жандарға көмек қолын созумен айналысуда. Спортпен айналысып, қажетсіз күйзелістен аулақ жүруге тырысады. Мұның барлығы жүректі жақсы ұстаудың жолы екенін жеткізді.

ӨЛІМ ӨМІР СЫЙЛАСА...

Жәнібектің тарихынан соң Қазақстандағы мәйіттік донор саласын тарқату жөн секілді. Аталған мәселе қаншама тағдырды түрлі арнаға бұруда. Себебі бұрын дүние салған адамның ағзасын тек келісім күтіп, туыстарының бірауызды мақұлдауын тосу арқылы алатын. Мұндай ұзақ процесс ағза жарамдылығына әсер етіп, науқастың жаңа ағзаны қабылдау ықтималдығын түсіруші еді. Оған рұқсат беруден бас тартатын туыс пен діни ұстаным ықпалын қосыңыз. Міне, сондықтан соңғы жыл үрдіс өзгерді. Енді алдын ала мәйітік донор болуға келісім беру жүйесі жетілуде.

Мысалы, алғаш трансплантация жасалған 2012 жылдан бері 110 адам ғана өмірден өткесін донор болуға келісім берген. Ұлттық ғылыми онкология орталығы ағза трансплантаттау секторының жетекшісі Мәлс Асықбаевтың БАҚ өкілдеріне берген мәліметіне сенсек, қазіргі таңда Қазақстанда трансплантацияның барлығы тірі донордан алынады. 95 пайызы тірі донордан туыстық трансплантация жасалады. Ал мәйіттік трансплантация кенже қалған.

«Еуропа мемлекеттерімен салыстыратын болсақ, оларда 95 пайыз мәйіттік трансплантация жасалады. Біздің елде керісінше, 98-99 пайыз туыстық трансплантация. Қазіргі заңнама бойынша науқас донор болуға келісім берген күннің өзінде туыстарынан рұқсат сұрау міндетті. 90 пайыз жағдайда марқұмның жақындары оның шешімімен келіспей, бас тартады», – дейді Мәлс Асықбаев.

Мамандар донор табылған күннің өзінде оны кез келген адамға салуға болмайтынын айтады. Реципиентпен генетикалық байланысы, тіндік және қан тобы бойынша сәйкес келетін пациент таңдалады. Яғни күту парағындағы кезек бір сәтте өзгеруі мүмкін. Мәселен, мәйіттердің 30 пайызы ғана донор болуға жарайтын көрінеді. Мамандар бұған өмір сүру салты, денсаулық жағдайы, өлім себебі секілді факторлар ықпал етеді деген пікірде.

Трансплантациядағы олқылықты шешуге тек мәйіт донорлығы аздық етеді. Яғни бүгінгі заңнама бойынша науқас донор болуға келісім берген күннің өзінде туыстарынан рұқсат сұрау міндеттелген. Өкініштісі де сол, 90 пайыз жағдайда марқұмның жақындары оның шешімімен келіспей, бас тартады екен. Міне, осы себептен Денсаулық сақтау министрлігі ағза алуға рұқсат сұрау тәртібін өзгертуді ұсынуда. Министрлік ұсынған өзгеріс қолдау тапса, марқұм көзі тірісінде үзілді-кесілді қарсы болмаған жағдайда келісті деп саналып, қайтыс болған соң ішкі органдары автоматты түрде алынуы мүмкін.

Әрине, бұған қоғам таласы бар, пікір қайшылығы көп. Дегенмен адам өмірін сақтауда заман көшінен қалмау қажет-ақ. Оған қоса қаласынқаламасын, «қара нарықта» ағза саудасы қызып тұр. Жыл сайын құрықталса да қаржының көзіне дәніккен қылмыскерлер толастар емес. Сондықтан сарапшылар пікірінше, науқасқа қажетті орган тек мәйіттен алынса, сау адамға донор болу қажеттілігі туындамайды.

Әлемдік тәжірибе дегеннен шығады. көптеген елде ағза донорлығы жолға қойылған. Еуропада мәйіттік донорға сұранатындар саны да аукымды. Бұл біржағы ізгі қадам саналса, екінші тұсы демократияның бір көрінісіне айналды. Қазақстанда 2020 жылдан бастап «eGov.kz» порталы алғашқы қадамды бастағанын білеміз. Азаматтардың портал арқылы донорлыққа келісім қалдыру мүмкіндігі бар. Бұл қызмет туралы хабарланғанымен қазақстандықтардың аса бір құлқы жоқ. Діни ұстаным, адами қорқыныш секілді ішкі-сыртқы факторлардың шешім қабылдауға кедергі болғаны анық. Оған 3 жыл ішінде төрт мың адамның ғана келісім бергені сөзімізге дәлел.

Кез келген азамат электрондық үкімет арқылы өз еркін білдіре алатын электрондық тіркелім бар. Бүгінде 40 мың қазақстандық өз ұстанымын білдірген, оның 15% -ы келісті.

Қайтыс болған бір адамның ағзасы 7 жанның өмірін құтқаруы мүмкін. Мәселен, жақында 2 адамның мәйіттік донорлығы арқылы 9 науқасқа операция жасалды. Елде 18-ге толған, дені сау, кез келген азамат донор бола алады. Ол үшін «Egov» порталы арқылы электронды түрде немесе емханаға барып келісімін береді немесе бас тартады», – дейді денсаулық министрі.

ЕЛДЕ ДЕ ЕМ БАР

Бұрын шетелге сарылып, мұхит асып, ағза ауыстыру отасын сыртта жасататындар көп еді. Әсіресе бағасы қалтаға қонымды болғандықтан Беларусь елінен аяқ арылмайтын. Арзан болғанда, әрине, салыстырмалы түрде. Мысалы, бұл мемлекетте бауыр ауыстыру отасының құны 170 мың доллор болса, Кореяда – 380 мың доллар, Германияда – 320 мың долларды құрайды. Амал жоқ, халық қаржыны өзге елде қалдыратын.

Міне, осы олқылықты жою үшін мемлекет түрлі бағдарлама әзірлеп, мамандарды шетелде оқыту, тәжірибе алмасу ісін жолға қойды. Барлық құрал-жабдықпен жасақталған клиникалық орталықтар құрылды. Нәтижесін де көріп жүрміз. Мәселен, өткен жылы Қызылордада бүйрек трансплантациясы жасалды. Оған А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығынан білікті маман Болатбек Бимендіұлы арнайы қатысқан болатын. Бұл Сыр медицинасы тарихындағы айтулы датаға айналған еді.

Қазақстанда мәйіттік донор мәселесі болғанымен, жалпы донорлық мәдениет жоғары деңгейде. Оның ішінде туыстық, тірі, қан мен тірі адам донорлығын жатқызуға болады.

«Елімізде ағза трансплантациясы толықтай ақысыз негізде жасалады. Сонымен қатар операциядан кейінгі емге қажетті дәрі-дәрмектің бәрі тегін беріледі. Заманауи медициналық құрал-жабдықпен қамтылған Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларындағы 7 трансплантация орталығы жүрек, бауыр, бүйрек, өкпе, ұйқы безі және көздің мөлдір қабаты трансплантациясын жасай алады. Ендігі қалғаны, халықтың мәйіттік донорға деген көзқарасының бір арнаға түсуі», – дейді Ұлттық ғылыми онкология орталығы ағза трансплантаттау секторының жетекшісі Мәлс Асықбаев.

«ӨМІР ТЫНЫСЫ»: ҮМІТ СӘУЛЕСІ

Кейіпкеріміз Жәнібек пен Оразбекті байланыстыратын тек ауру тарихы емес. Одан да ізгі, үміт шырағына айналған бірлестік – «Өмір тынысы». Донордың арқасында өмір сүруге тағы бір мәрте мүмкіндік алған Жәнібек көп өтпей, «Өмір тынысы» трансплантация жасалған науқастар қоғамдық бірлестігін құрған. Бірлестік ағзаға мұқтаж науқастардың тізімін жасақтап, донор табуға жәрдемдесумен айналысады. Оған қоса психологиялық қолдау да қалыс емес.

Қызылордалық Оразбек Әбдіәжит 2022 жылы Жәнібек Оспановпен кездесіп, бірлестік құрамына енген. Тізімге қосылып, ерікті донорды күтуде. Жәнібек сырбойылық жасқа тағдырын баяндап, үміт үзбеу, жақсылыққа сену қажетін насихаттап келеді. Тіпті байланыс орнатып, тұрақты хабар алмасуды дәстүрге айналдырған.

«Ағза донорлығына қатысты көзқарасымызды өзгерту керек, елде тапшылық бар. Себебі мұқтаж адам біздің бауырымыз, жақынымыз болуы мүмкін. Туысымыз болмаса да, олар – біздің көршіміз, отандасымыз, еліміздің азаматы. Біз рұқсатымызбен оларды аман алып қала аламыз. Былайша ол ағза бәрібір жердің астында шіріп кетеді. Ал рұқсат берсеңіз, жеті адамды құтқаруға болар еді.

Ағза доноры мәселесін көбірек айтып, халықты ақпараттандыруымыз керек. Әсіресе БАҚ-та жиі айтылғаны жөн деп санаймын. Дін бойынша да, этика бойынша да оның қате емес екені айтылған еді, соны көбірек насихаттаған абзал. Одан бөлек ағза доноры болуға келіскендерге жеңілдіктер, ынталандыру шаралары жасалуға тиіс деп санаймын, – дейді Жәнібек Оспанов.

P.S. Қазіргі таңда 2 мыңнан аса қазақстандықтың ағзасы ауыстырылған. Осы аралықта трансплантология саласында аукымды ізденіс, тың талпыныс орын алған сөзсіз. Ендігі кезек донорлық органдар тапшылығын жою міндеті. Кеше мен бүгіннің тарихына айналған қос кейіпкер тағдыры салада оң өзгеріс бар екеніне сендірсе деп тілейік...

Ерсін ШАМШАДИН

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

ЕҢБЕК АДАМЫ

ТӨККЕН ТЕР ӨТЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да оны сапалы атқару маңызды», – деген болатын. Әр саланың өз қиындығы мен қызығы болады. Кәсібінің шебері болу – әрбір жанның мамандыққа деген жауапкершілігінен бастау алары сөзсіз. Бейнетінің зейнетін көріп отырған еңбек адамының бірі – зейнеткер Мейрамбай Ахметов. Ол – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы энергетика саласында және Қазақстан энергетиктері ассоциясының еңбек сіңірген энергетигі.

Еңбек адамы – қашанда елдің құты. Кез келген істе төккен тер өтеусіз қалмайды. Өйткені адал еңбек ешқашан құндылығын жоймайды. Бүгінгі әңгімеміздің басты кейіпкері де Мейрамбай аға болмақ. Оған қоса «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамына биыл 60 жыл толмақ. Жалпы энергетика саласы – әлеуметтік сала мен индустрияны алға жылжытушы күш, негізгі локомотивінің бірі. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі экономикалық тірегінің бірі – энергетика саласы да күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің бір бөлігіне айналып, жылдамдықпен дамып келеді. Өмірлік маңызды нысандардың жарықпен және жылумен қамтамасыз етілуі энергетиктердің жоғары жауапкершілігі мен сапалы қызметіне, қондырғы-жабдықтардың қалыпты жұмысына байланысты.

– Мен 1971 жылы Қызылорда электр жүйесі басқармасының қалалық бөліміне инженер болып жүргенде қалада 35/10 жоғары вольтті қосалқы стансалар бесеу болатын. Қазір 15-ке, ал облыс бойынша 117-ге жетті. Сол жылы Қызылорда облысы орталық энергия жүйесіне 220 жоғары вольтті Қызылорда Мырғалымсай желісі арқылы қосылды. Әрине, бәрі бір мезгілде бола қойған жоқ. Орталық энергетика жүйесіне Жаңақорған, Шиелі аудандары қосылса, одан кейін Арал ауданы қосылды.

Бұған дейін қаланы, аудан орталықтарын қуат көзімен жабдықтап келген шағын электр пойыздары болды. Жоба бойынша жоспардың жүзеге асуы арқылы аудандардың шалғай жатқан ауылдары тұрақты әрі сапалы электр қуатымен жабдықталды. Осынау игілікті іске көп азаматтың еңбегі сіңді, – деді зейнеткер. Әңгіме арасында байқанымыз, кейіпкеріміз атқарылған жұмыс барысын әр жылдармен толықтырып отырды.

– Осы салада жұмыс істеп жүрген кезімде Қазалы, Арал аудандары тұрғындарын таза ауызсумен қамтамыз ету жайын шешу үшін су жүйесін жүргізу қажет болды. Бердікөл Қосаман скважинасына электр желісі тартылды. 1988 жылы Аралдың шалғай жатқан Жіңішкекұм, Атаншы елді мекендері, 1991 жылы Құланды, Ақбасты ауылдары электр қуатымен қамтамасыз етілді. Бұл жұмыс облыстың барлық ауданында жүрді. Мысал үшін айта кетейін, сол жылдары Жаңақорған ауданының Түркістан облысымен шекаралас Қандөз, Қаратабан, Келінтөбе елді мекендері үзіліссіз берілетін электр қуатын алатын болды.

1991 жылы Кеңестер одағы тарап, республика тәуелсіздігін алғаннан кейін бұрынғы біртұтас экономикалық байланыс үзілді. ҚСРО-ның орталық электр жүйесі таратылды. Электр қуатын өндіру, оны аймақтарға жеткізіп беру, тарату сияқты іргелі істермен қатар қуатты сату тетіктері, басқару жүйесінде айтарлықтай өзгеріс болды. Бұрын құрылымы болғанымен жаңа істі бастау оңайға түспеді, оның үстіне бұл тоқыраудан кейінгі кезең еді. Алғашқы кезде жарық жиі сөнетін, электр қуатының жетіспеуіне байланысты қаланың бөліктері, ауылдар кезек-кезек желіден ағытылатын. Осы қиыншылықтарды жою жолында аянбай еңбектендік.

Көкейде нарықтық экономика кезінде электр қуатын сату, жалпы осы жүйе қалай жұмыс істеу керек деген сұрақ тұрды. Осының сан түрлі мәселесін шешу оңайға соққан жоқ. Өндірістің өндірген тауары және оған кететін шығынының, адамдардың қажеттілігі мен тұрмысының арасында көп айырмашылық болды. Нарықтық қатынасты көп адам қабылдай алмады. Кешегі социалистік жүйеге үйренген, бәрін де Үкімет жасауға тиіс деп түсінетіндер жарықтың болмай қалуын өте қиын қабылдады. Түсіндіру жұмыстарына байланысты қаншама мәселелер көтерілді. Бұл жауапты қызметкерлердің жүйкесіне аз салмақ түсірген жоқ. Осынау қырық қатпарлы жұмыстың нәтижесінде Қызылорда электр жүйесі компаниясы бүкіл жұмысты жолға қойып, жарықты шектеу деген ұғымды өткен ғасырдың белдеуіне қалдырып кетті.

Әрине, өмір өзгеріссіз болмайды. Сондай-ақ үнемі дамып, жаңарып, жаңғырып отыруы керек. Қоғамның, адамдардың материалдық және рухани қажеттілігі артқан сайын талап та күшейе береді. Қызылорда электр тарату тораптары компаниясының қаржылық экономиялық жағдайын жақсарту үшін 2011 жылы Қызылорда облысының аудан орталықтарын электрмен жабдықтау жобасы бойынша Жаңақорған, Шиелі, Әйтеке би кенттерінде жаңа электр желілері жүргізілді. Сонымен қатар қаланы кернеуі 10/0,4кВ электрмен қамту жүйесі іске асты. Қызылорда облысын энергиямен қамту саласында істелетін жұмыс жоспары бойынша 2014 жылдан бастап Арал қаласы және жаңа Қазалы кентінде қосалқы стансалар жаңғыртылды. Қызылорда қаласына өндіріс индустриалды аумақты электрлендіруге республикалық бюджеттен және ұлттық қордан айтарлықтай қаржы бөлінді.

Ал 2015 жылы аймақты электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша республикалық, облыстық бюджеттен және ұлттық қордан 2 548,1 млн теңге қаржы бөлінген. Қызылорда облысының энергетикалық тәуелсіздігін шешу және оның қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Жалағашта 30 Мват, 14 разъезде «Байқоңыр» 50 МВатт күн электр станциялары салынды. Оған қоса қалада инвесторлық жобамен қосымша 240 Мватт жылу электр стансасы салынып жатыр. Бұл өз кезегінде қаланы жылумен бірге электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы өндіріс орындарына, халыққа үзіліссіз электр қуатын беру үшін қыруар жұмыс атқаруда, – деді кейіпкеріміз.

Мейрамбай ағамыз «Қазақта еңбектің наны тәтті» деген керемет тәмсіл бар. Әрбір азамат өз ісін адал, таза істесе, еліміз көркейіп, дами түседі. Таза жұмыс істеген азамат қашанда құрметті болады деген ойын да жастарға үлгі ретінде айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі. Шын мәнінде, еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты» деген болатын. Негізі энергетика саласында жетілдіре түсетін тұстар аз емес. Жарқын жобалар аймақ дамуына кепіл болатынын ескерсек, салаға серпін беретін жұмыстардың жедел әрі сапалы атқарылғаны абзал, – деді М.Ахметов.

Тілші түйіні

Еңбек жолынан бөлек, Мейрамбай ағамыздың отбасы деген шағын мемлекеті бар. Жары Базаркүл Нұрмаханқызымен көтерген шаңырақта үш бала дүниеге келді. Бүгінде олар оннан аса немеренің қызығын көріп отырған бақытты ата-әже.

Міне, ел ағасы, зейнеткер Мейрамбай Ахметовтің энергетика саласында туған жеріне қалтқысыз қызметі, өмір жолы кейінгі жас буынға өнеге болмақ.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ТҮЙЕ БАҒАТЫН ФАТИМА



Кейіпкеріміз түйе бағу үшін қаладағы тұрмыс-тіршілігін тастап, Талсуат ауылына көшкен. Ол түйе жанын түсініп, қыңыр мінезін басып, ауыл тұрғындары үшін де игі іс атқарып жүр. Әу баста жылқы баққан кәсіп иесі кейін түйе шаруашылығын қолға алған.

– 2022 жылы түйе шаруашылығымен айналыса бастадым. Бұл жануардың сырын білу оңайға соқпады. Қыңыр мінез танытып, жайылымға айдасам жүрмеген соң бір күні өзім алдына түсіп, бағыт көрсеттім. Олар да ізімнен ілесіп жүре берді. Осылайша жаңа нәрсені тәжірибе жасау арқылы ойсылқараның оғаш мінездерін тез түсіндім,– дейді Фатима әпке.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, кейіпкеріміздің айтуынша, түйе 500 келіге дейін ет береді. Ол артық майын өркешке жинайды. Сондай-ақ түйенің өт қалтасы болмайды және еті құнарлы диеталық тағам түріне жатады. Өйткені оның құрамында майдың ішкі қабаты жоқ. Құрамында форфор, калий, магний, темір секілді адам ағзасына пайдалы элементтер мен дәрумендер бар екен.

– Ойсылқараның жүні сұранысқа ие әрі биязды жұмсақ болады. Түйені жүндегенде пышақпен жүндейді. Түйенің жүнін көктем айларында күзейді. Ал шудасы буын ауруына пайдалы. Түйенің шудасын тұзға салып қайнатып аяқ буыны сырқырағанда, сарысу жиналған жерге таңса жақсы болады. Тіпті бұл жануардың табаны да пайдалы. Бұрын күні бойы жүрген соң екі өкшем бастырмай ауыратын. Аяғым қақсап, жанымды қоярға жер таппай қаламын. Содан бір күні түйе табанының пайдасы туралы естідім. Табанын суға қайнатып, күнделікті таңғы ас орнына жеп отырдым. Нәтижесін көріп таңқалдым. Қазір аяғым ауырмайды, өкшем қақсамайды, – дейді Фатима Рамаданқызы.

Түйенің тағы бір ерекшелігі, жыл он екі ай буаз болады. Тіпті халық арасында айы-күні жетіп отырған келіншек толғағы кешіксе, «түйенің етін жеген бе?» деп жатады. Ондайда түйе өнімінен дәм татқызып, шудасын иіскетіп, толғақ шақырады екен. «Жүктілік кезінде түйе етін жеген болашақ аналардың балалары аяқ-қолы балғадай болып өмірге келеді. Мұны тәжірибеден өткіздім», – деді шаруашылық иесі.

Түйе күніне 3 литр сүт береді екен. Сүтінен шұбат ғана емес, жылма да жасайды. Ол өкпе ауруына және қатты салқын тигенде дәріханалардағы дәріден әлдеқайда пайдалы көрінеді. Әу баста ойсылқараны кәсіп қыламыз деп ойламаған шаруа түйе сүтінен қалай шипа тапқанын айтты.

– Отағасы бауыр ауруымен ауырды. Бір күні бұл аурудың дерті – түйе сүті дегенді естідік. Қаладан ауылға көшіп, түйе жинадық. Күнделікті жаңа сауылған түйе сүтін ішкен күйеуім аз уақыттың ішінде дертінен айығып, денсаулығы жақсарғанын байқадық, – дейді түйеші.

Күйіс қайыратын жануардың ішінде ең төзімдісі – түйе. Қырық күн шөлге шыдайтын бұл жануар тіпті ерекше күтімді де қажет етпейді. Азығын да жайылымда жүріп өзі тауып, тіпті дарияға мұз қатқанда 10 күн сусыз жүрген екен.

– Ішінде ең ерекше көретінім алғаш атын қойған «Дәу нар». Мынадай қызық оқиға болды. Бір күні жайылымнан Дәу нар түйе келмей қалды. Басқа түйе мен боталарды қорадан шығарып, жем-суларын бере бастадым. «Дәу нардың» ботасы да шығып, енесін іздей бастады. Бота жүгіріп келіп, «тауып бер» дегендей алдыма келіп екі тұяғымен теуіп, жерге жықты. Дәу нарды тауып әкелдік. Жайылымда жіпке ілініп қалған екен. Таңертең түйе сауға шықсам, жоламайтын бота жаныма келді. Беті-қолымды жалап, жүзімнен иіскеп менен кешірім сұрап жатқандай болды. Жануарда да осындай сезім болады екен-ау деп көз жасымды тоқтата алмадым, – дейді Фатима апай.

Кейіпкеріміз бұл кәсіпке мемлекеттік бағдарлама арқылы келіпті.

– Бұл кәсіпті «Ауыл шаруашылығы» бағдарламасымен бастадым. Өз ісін бастаймын деген жанға мемлекет тарапынан қолдау көп. Сонымен қатар ауылға көшіп келген кезде шаруашылыққа қолайлы етіп жерімді кеңейткім келді. «Осы ауылдың өркендеуіне пайдамды қосқым келеді. Кәсіпті дөңгелетіп әкетсем, менің де ауыл тұрғындарына пайдам тиеді» деп, ауыл әкімінен қосымша жер сұрадым. Осылайша ауылдан да қолдау таптым. Бүгінде 49 сотық жерде шаруашылықпен айналысып жатырмын. Ауыл тұрғындарына да көмектесіп тұрамын. Тұрғындар да дән риза, – деді Фатима Кемалова.

Жалпы қалаға қарасты Талсуат ауылдық округінде түйе шаруашылығымен айналысатын бірнеше кәсіп иесі бар. Соның ішінде біздің кейіпкеріміз бүгінде өз несібесін тауып қана қоймай, ауыл тұрғындарына да қолғабыс етіп жүр.

Марина САҒИДАТБЕК,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ЖАҚЫНЫҢДЫ ЖАМАНДЫҚТАН САҚТА

ЕСІРТКІГЕ ЕЛІТКЕНДЕР АЗ ЕМЕС

Есірткі насихаттаушылар қаладағы мектеп ауласына есірткі жарнамасын жазба түрінде қалдырған еді. Облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері дәл сол сәтте жазбаны өшірген. Осылайша бұғанасы қатпаған жасөспірімдердің санасын «синтетикамен» жаулауда.

Облыстық полиция департаменті тұрғындардың нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында бірқатар шара ұйымдастырған. Облыс аумағында нашақорлыққа қарсы күрес және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылда 2023 жылы өткізілетін профилактикалық іс-шараға бюджеттен 16 млн 522 мың теңге бөлінген. Көшелер мен қоғамдық орындарда есірткіге қарсы тақырыпта әлеуметтік жарнамалар орналастырылған. 2022 жылдан бері өңірде есірткі және нашақорлыққа қарсы 414 іс-шара, 121 лекция, 70 кездесу, 21 спорттық іс-шара, 153 сайыс,16 акция және семинар өткен.

– Аймақ көлемінде атқарылған бір жылдық жұмыс нәтижесінде барлығы 257 есірткіге қарсы құқық бұзушылығы анықталған. Оның ішінде 20-ы есірткіні аса көп мөлшерде сақтау, 23-і есірткі өткізу және 1-і есірткі жарнамалау дерегі, – дейді полиция департаменті.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, аймақта синтетикалық есірткі дерегімен кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер тіркелмеген. Мақаланы жазу барысында синтетикалық есірткіге тәуелді болып, онымен күресіп жеңе білген 26 жасар қала тұрғынымен тілдестік.

Ол бір рет есірткінің дәмін көрген адам тоқтай алмайтынын жеткізді.

– Ауылдан шыққан жігітпін. Мамандығым дәнекерлеуші. Кездесіп жүрген қызымның сатқындығын білген кезде, қайғымды ұмыту үшін алғаш рет «скорость» деп аталатын синтетикалық есірткінің дәмін татып көрдім. Телеграм желісі арқылы жеткізіп берушіден алдым. «Скорость» сатушылар айтқандай жеңіл зат емес. Бірінші татып көргеннен-ақ ағзада тәуелділік туғызады. Бір рет дәмін көрген адам тоқтай алмайды. Бұл – психологиялық тәуелділік. Есірткі сатылымы да желілік маркетинг сияқты. Мұны құрушының кім екені белгісіз. Жалғыз өзі есірткі қолдануға қорыққан адам міндетті түрде досын жанына қосып алуға бейім тұрады, – дейді Өсер. Кейіпкеріміз облыстық наркологиялық орталықта емделген екен.

КҮМӘНДІ ҚОРАПША

Мақала дайындау барысында мына оқиғаға куә болдық. Автобустан түсіп, жұмысқа қарай бет алдық. Аялдамадан бірі түсіп, бірі мініп жатыр. Жол жиегінде бір топ тәртіп сақшысы мен 4-5 қызметтік көлік тұр. Мән-жайды білмек болып, полиция қызметкерлерінің жанына бардық. Бәрі қауырт жұмыс істеп жатыр. Назар аударатын мұршалары жоқ. Бірі рациямен хабарлап, бірі камерамен әлек, ал басқалары хаттама толтырып жатыр. Бір қызметкердің жанына барып, не болып жатқанын сұрадық. Себебі сырттан келген адамның назарын аудартпай қоймайтын қарбалас болып еді бұл сәт. Мені капитан мырзаға жолдады.

– Капитан мырза, мұнда не жағдай болып жатыр? – дедім.

– Әзірге нақты жауап бере алмаймыз. Мына жерде жатқан қорапшаның ішінде «синтетикалық» есірткі болуы мүмкін деген күмән бар, – деді тәртіп сақшысы.

ОҚИҒА БЫЛАЙ БОЛҒАН ЕКЕН

Дәмеш Жүргенова көшесі бойында кетіп бара жатқан полиция қызметкерлері жол жиегінен бойжеткеннің қолынан күмәнді затты байқап, тоқтатады. Бойжеткен еш саспай қолындағы затты аппақ қар бетіне қоя салады. Полиция қызметкерлері қораптың ішінде синтетикалық есірткі болуы мүмкін деп күмәнданады. Осы тұста біз де оқиғаға қанық болғымыз келіп, жан-жағымыздан ақпарат сұрай бастадық. Қытымыр аязда өне бойынан суық өтіп дірдектеп, тісі-тісіне тимей сақылдап тоңып тұрған қызға көзіміз түсті. Ол да істің ақырын күтіп тұрғандай. – Қорапшаның ішінде не бар екенін білесіз бе? – дедік сұрақты төтесінен қойып. Басын шайқап «жоқ» деді.

Айтуынша, досы жеткізу қызметі арқылы тапсырыс берген. Қорапта не барын білмейтін көрінеді. Сол тұста тапсырыс беруші досы да келіп қалды. Қыз үшін шыр-пыр болып жатқандай көрінді. Сол мезетте тәртіп сақшысы жаныма келіп, – мұның ішінде не бар екенін біз де білмейміз. Күмәнді зат бар деп болжап тұрмыз. Қазір қорапшаның егесі ашуға рұқсат берсе, сіздер де куә болыңыздар, – деді.

...Жабыстырғышпен оралған қорапшаның ішінен кафель сынығына оралған көк түсті екі қапшықты алды. Камера, қолғап және мөр дайын, патруль сақадай сай. Аша бастағаннан ақырындап иісі шықты. Кристаллға ұқсас ақ ұнтақ зат. Бойжеткен заттың өзіне тиесілі екенін мойындаса да, жеткізу қызметі арқылы алған қорапта не барын білмейтінін айтып, ақталуда. Айғақты мөрлеп, қыз бен жігітті полиция қызметкерлері алып кетті.

Марина САҒИДАТБЕК

АДАМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Сәби дүниеге келгенде аппақ парақтай болады, оның қандай болатыны жанындағы адамдарға, тәрбиесіне байланысты. Болашақта балаларымыз үлкен адам, бетке ұстар тұлға болуы үшін не істеу керек?

Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныспен, арманнан, мақсаттан чемпион туады» деген. Сол секілді аппақ парақты тек жақсылыққа толтырып, әрбір баланы армандауға, мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізуге талпындыру қажет. Яғни аппақ парағымызға қос қанат керек. Оның бірі – арман болса, екіншісі – мақсат. Ал ақ парақты әрбір адамның өзегі дер едім. Ешкіммен бөліспейтін, тек өзің үшін қажет өзекті арман мен мақсат қанаттандыратындай. Арман деген не? Мақсат ше?

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген сөз бәзбіреулер үшін жағымсыз естілуі мүмкін. Шын мәнісінде, бұл сөздің астарында үлкен шырыл бар, үндеу бар. Қанатсыз құс ұша алмайтындай, армансыз да өзінді биіктен көре алмайтыныңды түсіндіреді.

Ғ.Мұстафин «Арман деген көп белес, біріне шықсаң, бірі бар» деген. Түсінігімше, арман – адамның ұзақ өмір сүруіне себеп. Алға қарай ұмтыла түседі, ұмтылдыра береді. Ал мақсат деген не? Мақсат – сен қалайтын, орындалса екен деп тілейтін армандарыңа апарар жол. Мақсатың болмаса, армандарың бұлыңғыр бір елестей боп қалуы ғажап емес. Осы тұста Альберт Эйнштейннің: «Егер бақытты өмір сүргің келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз» деген сөзі ой саларлықтай.

Білесіз бе, арман мен мақсат жайлы бұрын не ойладым, қазір не ойлаймын? Арман – ол уақыт өте келе өзгеріп, құбылып, түрленіп, жаңарып тұратын нәрсе. Сенің ой-санаңмен, білімінмен бірге құбылып отыратын өзгермелі материя. Мысалы, мен мектеп қабырғасында журналистика мамандығында оқысам деп армандағанмын. Қазір сол арманымнан алға қадам басып келемін. Ал қазір 18 жастағы қыз басқаны арман етеді, басқаны мақсат етеді. Ол қандай арман деген сұрақ туындауы орынды. Ал менің ішкі өзегім ешкіммен бөліскенді қаламайды. Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты осы емес пе? Өмірдің мәні – мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттің парасаттылығы мен пәрменділігінде, ендеше тұрмыс – тіршіліктің әрбір сәтінде алда үлкен мақсат тұруға тиіс. В.Гюгоның: Кім болам десе, сол болу – ұлы адамның ісі де, қолынан келгені болу – әр адамның ісі екенін ұмытпау керек! Армандай білу керек! Мақсатқа қол жеткізу қажет.

А.АМАНТАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ҚЫЗЫҢДЫ БӨТЕН ҮЙГЕ ҚОНДЫРМА...

Қазақ халқы қызға болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп қараған. Оның тәрбиесіне де баса мән берген. Алайда көпшіліктің қазіргі қыз тәрбиесіне көңілі тола ма? Жалпы қызы бар үйдегі тәрбие қалай?

Бірде әріптес құрбымнан естігенім бар еді. Сол еріксіз есіме түсті.

– Мен қызды дүниеге әкелуден коркамын. Шыны керек, қызым болғанын каламаймын, – деді. Онын осылай дегеніне өзім таңғалдым. – Қызын болғанын неге каламайсын, қызык екенсің? – дедім мен де коймай.

– Қыздың тәрбиесі ұлға қарағанда бөлек әрі маңызды болады. Оған дұрыс тәрбие беруден жүрексінемін. Осы кезде ұлдың анасымын. Ал ұлбаланың тәрбиесі аса киын емес, – деп жауап берді. Бірак менінше ұлдың да, кыздың да тәрбиесі маңызды. Себебі кыз болашакта бір әулеттің ұрпағын жалғастырушысы болса, ұл бір әулеттің аялаған кызына да, одан туған балаларға да жауапты болады емес пе...

«Әкем еш жаққа жібермейтін»

Бұл – кала тұрғыны, зейнеткер, көпбалалы ана Шырын Ізеткызының пікірі.

Бала – өмірдің мәні, көңілдің сәні. «Ата-ана кадірін баладан болғанда білерсің» дегендей, бала өмірге келген сәттен бастап, өмірге деген көзқарасынды түгелдей өзгертіп жібереді. Ата-ана деген өте үлкен жауапкершілікті талап ететін бұл лауазымға лайықты болудың өзі де оңай емес. Жетпістің үстіне шыккан Шырын апамыздың алты баласы бар. Алты баланың бесеуі – кыз. Ең кенжесі ұл болды. Кыздарының тұңғышы ғана ата-әжесінің баласы болды, сол себептен тәрбиесін босаңсытып алғаны рас. Оны әңгіме барысында айтып берді.

– Негізі кызбаланы еш жаккa кондырмау керектігі, кыз тәрбиесі туралы жаксы такырып козғап отыр екенсіндер, карактарым, – деп бастаған кезде кәдімгідей жылы әсер сезіндік. Шыны керек, карактарым деген сөзді күнде ести бермейміз гой.

– Мен де көпбалалы отбасыдан шыктым. Ұлдың да, кыздың да тәрбиесін әкеміз берді. Әрине, анамыз да тәрбиеледі. Бірак біздің тәртібіміздің басым бөлімін әкеміз кадағалап отыратын. Жарыктык, өте катал кісі болды. Жаксы көріп тұрса да, жылы сөзді аз айтатын, көп еркелетпейтін.

Содан баламыз гой. Құрбыларымның үйіне барып конғымыз келеді. Одан бойжете сырласкымыз келіп, анамыздан сұранатынбыз. Сонда анамның айтатыны «әкеннен сұран, жіберсе барасың» дейді. Біліп тұрасың гой, жібермейтінін... Әкем келеді. Жакселап кешкі асын ішіп алсын деп кас-қабағына карайлап отырамын. Жүзі күлімдей берген сәтте акырын ғана сұрана коясың. Сондағы алатын жауабың, «жок, бармайсың» деген шешім. Одан кейін сұранып әуре болмайтын болдым. Үндемей үйде кітабымызды окып, отыра беретінбіз. Сол кезде балалык реніш болса да, кейіннен өзіміз ата-ана болған кезде әкемнің тәрбиесін түсіндім, – деп балалык шакка шолу жасады.

Шырын апамыздың айтуынша, балаға тәрбиені ана құрсағына біткен бойда беру керек екен.

– Әңгімемді мына бір мысалмен жалғастырсам, бір кісі кариядан сұрапты: «әке атандым, балама акыл айтуды канша жастан бастауыма болады?», – деді.

– Еее, балам. Сен балана акыл айтуға кешігіпсің. Баламен тілдесуді ананың құрсағында жатканнан бастауын керек еді, – деген екен. Егер тарихы терең казак әдебиетіне жүгінетін болсак, ата-бабамыз бала тәрбиесіне ерекше карағанының куәсі боламыз. Жүкті әйел жолдан өтіп бара жатса, үлкен әжелердің өзі токтап жол берген екен. Келіні одан ынғайсызданып, кысылғанын байкаған карт кісі: «кысылма, балам. Кім біледі, мүмкін сенің ішінде ертен ел ағасы атанар батыр жаткан болар» деп әлі дүниеге келмеген баланың құрметінің кандай екендігін көрсеткен, – дейді Шырын Ізеткызы.

Ал кыз баласын «кыз – конак, болашак ел анасы» деп әркашан төрге шығарған. «Ұлынды өзге үйден тойдырма, кызынды бөтен үйге кондырма» деген дана халкымыз. Бөтен үйдің тойып өскен жігіт, ертең отбасына тұракты азамат болуына кім кепіл?! «Кызға кырык үйден тиым» деп кыз тәрбиесіне катаң карап, ертең бір колымен бесікті, екінші колымен әлемді тербетер ана болады деп ерекше үкі тағып өсірген. Осылайша, бір макалдың мәнін екіншісі ашып, бір-бірін толыктырып тұр. Иә, казір заман баска деп өзімізді актап аламыз. Дегенмен тәрбие ешкашан заман тандамаған. Сондай-ак әлсіздік пен немкұрайлылык танытып, сол заманды өзгертіп отырған өзіміз емес пе?!

Ананың айтары бар

– Осы кезде әзиз әже болдым. Қазақта бала санын айта бермейді гой. Әр баладан бірнеше немере бар. Бірде-бір немерені «менің балам, екіншісі өздеріндікі» деген емеспін. Себебі канша жерден немере тәтті болса да, ата-анасы тәрбиелегені дұрыс екен. Ана ретінде айтарым бар, тұңғышымды енем бауырына басты, өзі тәрбиеледі. Кейде кызыма дауыс көтерсем, енемнен айкай еститінмін. Содан кейін үндемедім. Әкесі де сөйлемеді. Ойткені кыздың өз иелері болды.

Кейін ата-енемнің көздері кеткен соң кызымыз бізге бағынбады. Кейде атымызды атайды, кейде апа дейді. Одан бөлек, сол кызбен бауырларының тәрбиесі екі түрлі. Кыздан кейінгі балаларым жанашыр, тіл алғыш болып өсті. Ал бірінші кызымызбен тіл табысуымыз киындау. Еркіндеу бойжеткен кыз жастайынан құрбыларының үйіне конып жүре беретін. Енем рұксат беріп койған. Ана болған соң аландайсын, бірак біз үлкенге карсы келмей өстік. Содан да болар, іштен тынып, үнсіз калатынбыз. Осы кезде ойланамын, негізі баланы өз әке-шешесі тәрбиелегені абзал. Ешбір ата-ана баласына жаман тәрбие бермейді. Тек жаксы болсын деп, жаксылыкка карай жол сілтейді.

Сәби – бейнебір ак кағаз секілді. Қалай шимактасан, соны көрсетеді. Дей тұрғанмен, «балапан ұяда не көрсе, ұшканда соны іледі» деген дана пікірді де ойдан капы калдырмағанымыз жөн. Ата-ана міндеті баланы каржылай камтамасыз етуде ғана емес. Мыкты тәрбие беріп, сапалы білім алуға ұмтылдыруымыз керек. Әр бала өз жолын тапканнан кейін біз өз міндетімізден кұтылып, еркін демалуымызға болады, – деді кейіпкеріміз.

Иә, «Ұрпағынды тәрбиелеймін десең, ұлына, халкынды тәрбиелеймін десең, қызыңа тәлім бер» деген сөз бекер айтылмаған. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені кыз – болашак ұрпактың анасы. Кыз бала – үйдің бояуы. Кыз баланы тәрбиелеу – бір адам емес, бәлкім бір ұрпакты тәрбиелеу. Салиқалы кыз ғана ұлт болашағын баянды ете алады. Кыз бала мен әке арасындағы карым-катынас жасаудың өзінде нәзіктік символ бар.

Алла Елшісі кыз балалардың кадір-касиеті жайында былай деген: «Қыздар – мейірімді, игі жандар. Бір кызы бар адамды Алла Тағала тозак отынан сактайды. Екі кызы бар адам солардың себебімен жәннатка кіреді. Ал үш кызы бар немесе кыздары секілді кіші карындастары бар адам, оларға камкоршы болса, оның мойнынан жиһад пен садаканың жауапкершілігі түседі» дейді.

Тағы бір хадисте: «Егер бір адамның үш кызы болса, оларды киндіріп, камкорлык етіп, тамактандырып, олар-ға сабырлык етсе, кыздары киямет күні тозак отынан сакталуына себепші болады» делінген.

Бауыржан Момышұлынын келіні Зейнеп апамыз өзінің «Бабалар аманаты» атты кітабында: «Казак казак болғалы кыз сыйлаған, кызын алкалаған текті халык еді. Сандығында кілті жок жомарт казак сол жомарттығын алдымен кызына жасаған. «Ұл – тұтін, кыз – күтім» деп кызға жаксыны кигізіп, жорғаны мінгізген. Үйдің он жак төріне отырғызған. Тұрмыска шыкпаған кызды «он жактағы кыз» дейтіні сондыктан. «Ұрыс-керіс естіген кыздың мінезінің мәні болмайды» деп, кыз көзінше өрескел, бейпіл сөз сөйлемеген, анайы кылык көрсетпеген. «Бакыты байланады, жолы кесіледі» деп кызға кол көтермеген. Тіпті отырған кыздың аяғынан аттамаған. Мұны кесір деп түсіндірген. Өйткені еркектің де, әйелдің де тарайтын түбі – кыз. Он жакта отырғанда жүз жігіттің арманы болса да, кызға бір азаматтың адал жан жары болу – парыз», – деп жазады.

Мемлекет және коғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков ағамыз өзінің «Күндерімнің куәсі» атты кітабында былай деп келтірілген.

Нұрлан имам былай деді

Әлеуметтік желі аркылы Нұрлан имамды жұрт жаксы біледі. YouTube арнасында «Бойжеткен кызды біреудің үйіне кондырма» деген такырыпта видеосын жүктеген екен. Оның айтуынша, бір үйдің кызы құрбысының үйіне барса, оған әкесі жауапты болады.

– Қазакта мынадай жаксы сөз бар. «Бойжеткен кызды біреудің үйіне кондырма» деген. Өздеріңіз білесіздер, көп кыздар үйлерінен сұранған кезде «құрбымның үйіне барып конайын деп едім» деп тұрады. Айтынызшы, біреудің үйінде не бар? Айтатын сырларын олар күндіз де айтып жатыр. Болмаса телефон аркылы да жеткізеді емес пе... Міндетті түрде сол үйге барып, түнеу керек пе? Әсіресе, түнде балаларыңызды біреудің үйіне кондырманыздар. Кызды да, ұлды да кондырудың кажеті жок. Құдай бұйыртып, шаңырак көтерген кезде ғана барған әулеттеріне конады. Егер әкесі кызына рұксат берсе, ол кияметте өкініш болып, әкесінен сұралады. Өйткені кыз бала тұрмыска шыкканша оның тәрбиесіне әкесі жауапты, – деді имам.

Кеш болмай тұрғанда...

Халкымызда «ұлтты тәрбиелегін келсе, алдымен кызынды тәрбиеле» деген даналык бар. Себебі сол ұлтты көтеретін, ұрпакты жалғастыратын – кыз бала. Демек әр отбасы кызды тәрбиесіне зор мән беруі керек. Яғни кызыңыз жиі сұранып, түрлі себептер айтып, бөтен үйге конып жүр ме? Кеш болмай тұрғанда үйдегі тәрбиеден бөлек осыған мән беріңіз, ағайын!

ҚАЗАҚША БОЯМАҚ НЕГЕ АЗ?

Кенсе заттарын сататын дүкен ішінде тұрмын. Мақсатым – казакша балалар боямағын алу. Қарап шыктым, көзіме түспеді. Сатушынын өзінен сұрағанды жөн көрдім.

– Кешіріңіз, балалар боямағы бар ма? – дедім. Әдейі боямакты казакша сұрадым. Бірак сатушы кыз түсінбеді.

– Боямак дейсіз бе? Ол не? – деп тағы сұрады таңдана.

– Балалардың боямак кітапшасы? – деп кайталадым. Сол сәтте түсінді.

– «Раскраска» ма? Бірден солай айтпайсыз ба? Ана жерде тұр, – деп сөреге карай кол сілтеді. Расымен, балаларға арналған боямак кітапшалардын бірнешеуі тұр екен. Әйткенмен орысша нұскасын ғана кездестірдік. Бағасы мың теңгеден жоғары. Содан әлгі сатушыға тағы бардым.

– Маған казакшасы керек еді. Жок екенін сатушынын көзқарасынан-ак байкадым. Тіпті жауап бергісі келмей амал жок, үн катты.

– Тәте, казакшасы жок. Бояйтын балаға бәрібір емес пе, кандай тілде болса да... Суретті ғана бояйды, – деген жауап алдык. Мейлі, біз де боямактын казакша нұскасын іздеуді әрі карай жалғастырдык.

Халык көп шоғырланатын ескі базар маңындағы кенсе заттарына арналған дүкенге кірдік. Сатушысы жасы үлкендеу, жүзі жылы кісі екен. Бірак бірден сөзге тартпастан алдымен іздегенімізді өзіміз карайык деп, сөрені бір шолып шыктык. Әйткенмен бұл жактан да боямак кітапшасы көзге түспеді. Тек бір-екі орысша кітапшасы калған екен.

– Кешіріңіз, маған балалар боямак кітапшасы керек еді – дедім бірінші дүкендегідей.

– «Раскрасканың» казакшасын іздеп жүрсін бе? – деп өзіме осы сұракты кайта койды. Түсінуін түсінді, бірак боямакка тілі үйренбеген сынайлы. Сол жерде біз өзіміздің тілші екенімізді айтып, дүкен сатушысымен ашык сөйлескенді жөн көрдік.

«Боямақ деуге тіліміз үйренбеген»

Кенсе заттарын сатушы Гүлмария Болатовадан «Боямак деп неге казакша айтпайсыздар?» деп сұрағанымызда «боямак деуге біздің тіліміз, ал казакша кітапшаға балалардың көзі үйренбеген» деп жауап берді.

– Біз балалар боямак кітапшасының казакша нұскасын былтыр саттык. Бірак орысшасы өтімді болғандыктан осы жолы казакшасына тапсырыс бермедік. Шыны керек, казакшасын ешкім сұрай бермейді. Әлі есімде бір жігіт баласымен келіп, боямактын казакшасын әпергісі келді. Балабакшада сондай тапсырма берген екен. Сенесіз бе, әлгі бала орысшасын таңдап, акыры өзінің калағанын алдыртты.

Сол кезде әкесі күліп, «мына орысша кітаптың ішінде бірынғай өзінің көретін мультфильмдеріндегі кейіпкерлер болған соң таңдап тұр» дегені есімде калыпты. Шын гой, бала үйінде кай тілде не көреді, соны алады. Бірак сенің сұрауын бойынша мен енді өзімді балалар боямағы деп айтуды үйреніп көрейін, – деп бір күліп алды. Біз де сәл де болса да бір адамға кітапшаны казакша боямак деп атауына себеп болғанымызға іштей қуандык.

Ұлттық үлгідегі балалар боямақтарын дамыту керек

Балалар боямак кітапшасының каншалыкты пайдалы екенін №144 орта мектеп педагог-психологы Бакыткүл Сейтханова кенінен түсіндірді.

– Қазіргі таңда казакы үлгідегі балаларға арналған боямактарды шығару ерекше назардағы мәселенің бірі. Ұлттык үлгідегі боямактар танымдык, тәрбиелік ерекше мәнге ие балалар кітапшасы деп санаймын.

Боямак – бұл балаларға арналған кызыкты уакыт өткізу, ой мен сананың және шығармашылык кабілетті түрінің бірі. Боямак аркылы түстік ерекшелік пен үйлесімділік кабілетке және логикалык кабілетке жол ашылады. Қазіргі күні боямактын түрі көп. Орыс және баска да шетел ертегілеріне, кез келген сұранысқа байланысты бейнелерді ғаламтордан алуға болады. Ал өзіміздің казак ұлттык накыштағы боямактар аз.

Өсіп келе жатқан жас ұрпакка ұлттык тәлім-тәрбие беру, елімізге рухани ой-сананы қалыптастыру макса-тында казак ұлттык накыштағы боямак-тардын пайдасы көп деп ойлаймын. Осы максатта ұлттык үлгідегі казакша боямактар шығарумен айналысатын шығармашыл тұлғаларымыз да бар. Олардын туындыларынан казактын ұлттык ойындарын, әдебиетіміздің классиктері Абай Құнанбайұлының мысал аударматарын, Ыбырай Алтынсариннің шығармалары мен казак ертегілерін, тағы да баска көптеген казак әдебиетінің жауһарларын жас ұрпак жадында жаңғырту, сол аркылы балаларды ұлтжандылыкка, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ұлттык үлгідегі боямактын танымдык, тәрбиелік мәні үлкен деп санаймын.

Балалардын «Әліппеден» де бұрын колына алатын алғашкы кітаптары боямактар екені белгілі. Сол себепті баланын таным дүниесін жат елдің ойдан ойлап табылған кейіпкерлері аркылы емес, өзіміздің казакы жан дүниемізге сай құндылыктарымызбен сусындатканымыз жөн деп білемін, – деді психолог.

Бұл – Сыр баспагерлерінің базарлығы

Бала үшін суретсіз кітап кітап емес. Бала суретті ұғына отырып, танымын арттырады. Қазақ тіліндегі боямақ кітапшасын «Балалар жылында» Сыр баспагерлері тарту етті. Тұңғыш рет казак тілінде жасөспірімдерге арналған отандык анимациялык фильмдердің бояу кітапшалары кішкентай окырмандардын колына тиген болатын.

Қазақ тіліндегі балалар әдебиеті мен мультфильмдер катары казір көбейіп келеді. Дегенмен дүкен сөрелерінде казак тіліндегі бояу кітапшалары сирек кездеседі. Осы олкылыктын орнын толтыру максатында «Балапан» телеарнасы мен «ASU» баспа үйі» бірігіп, отандык анимациялык фильмдердегі кейіпкерлер суреттелген бояу кітапшаларын шығарғаны белгілі. Бұл кітапшаны шығару үшін шығармашылык ұжым біраз енбектенді.

Сонын ішінде «ASU» баспа үйі» ЖШС кітапшанын техникалык редакторы Бакытжан Салмырзанын айтуынша, жас өрендер сурет аркылы Әбу Насыр әл-Фараби жайында түсірілген мультсериалдағы кейіпкерлерді етене танып, ұлы ойшылдын шығармашылығынан сусындай алады. Ал екінші бояу кітабында «Сиқырлы тас» мультисериалындағы кейіпкерлер сомдалған.

– Бұл кітаптын бір ерекшелігі, бұлардын барлығы 2D форматта, эскиз түрінде қойылғанын кейін, QR кодтар қойылған. Сол аркылы «Youtube» арнасы аркылы осы «Балапан» теле-арнасындағы сериалдардын әр сериясын көре алды, тамашалады. Әрі карай өзінін киялын дамытып, осы суреттерді өздерінін киялымен бояйды.

Бояу кітапшалары балалардын көкжиегін кенейтіп, киял әлеміне саяхаттауға мол мүмкіндік береді, – деді Б.Салмырза.

Бала мактаганды жаксы көреді, мактау оны ынталандырады. Ол үшін балаларға арналған кітаптар кызык әрі түрлі суретке толы болуы керек. Бізде әлі де болса суретті кітаптар мен әр баланын жасына сай әдебиеттер, анимациялар жетіспейді. Оған коса балаға ең керек дүние – боямак кітапшасының казакша нұскасы аз екені белгілі. Дүкеннен ала салғымыз келеді. Бірак табу киын. Амал жок, кейде орыс тіліндегі кітапшаны әпереміз, – деді көпбалалы ана.

Кітапшаның қазақша нұсқасын табу қиын

Балаларының болашағына алаңдаған кала тұрғыны, көпбалалы ана Сәуле Темірбекқызы да өз ойын білдірді.

– Үйде «көзінді сол нәрседен алмайсың, таннан кешке дейін колыннан түспейді» деп телефонға телмірген балаға ұрсып жатамыз. Ал соның түп негізін ақтарып карасак, кінәлі ата-ана болады. О баста өзіміз «Ана жұмысымды істеп алайын, сен мынаумен ойнай тұр» деп тастап кетеміз де телефонға үйір қыламыз. Ол жерде бала кейде көруге болмайтын нәрселерін де карап коюы мүмкін. Ондай жағдайда балаға «гаджетпен ойнамайсың» деп тыйым жасауға да болмайды. Өйткені заманнан калмауымыз керек деп ойлаймын. Балаларыма телефон ұстатамын, бірак санаулы уакыты бар.

Балаға кітап окытуды кішкентайынан бастау керек. Содан психологпен акылдасып, кенесін алдым. Оның айтуынша, бас-тапкыда баланы кітап окуға жігерлендіріп, оны орындағаннан кейін мактап, марапаттап отыру қажет.

Тілші түйіні

Расында, балаларға арналған боямак кітапшасының казакша нұскасы өте аз екенін байқадық. Бірак дүкен сөрелерінде тұрса сатып алғысы келетін ата-аналар да табылды. Әйткенмен іздегенде жоктың касы... Сонымен боямактын казакша нұскасының жарнамасын да жан-жакты жүргізген дұрыс.

Әйтпесе шетелдің кейіпкерлерін айтпағанда «Маша мен аюды», «Көк тракторды» көріп өскен казак баласының болашағы не болмак? Ал казак шығармаларын кайсысы да бүгінгі жас буын окырмандарды оқиға желісімен, баяндау тәсілімен, суреттеу сырымен өзіне баурап елітіп әкетері хак.

«...Казактай баласын әлпештеген, әлдилеп бесікке, сүтімен бірге перзентінін санасына мейірімділікті құйған, сәбиін айналып-толғанған халыкты білмеймін: шырағым, күнім, құлдыгым, жаным, көзімнің карашығы, алтыным, жұлдызым, тынысым, кұлыным, козым, ботам, саянда жатайын, садаған кетейін! Алдағы ғасырда осылан айырылып кал-масак болғаны. Адам баласынан мейірім кетсе – жат болады», – деп елдің катыгез, кайырым кетсе – жат болады», – деп елдің ертенгі күніне аландаушылығын білдіреді.

Шынында, казак халкы кыз баласына зор кұрмет көрсетіп, ерекше мәпелеген. Бар жылы-жұмсағын кызына беріп, еркелеткен. Кыздын шалыс баспауына бүкіл әулет, ру болып атсалысқан. «Кызға кырык үйден тиым» түсінігі осыдан калыптасқан.

Бүгінде бұл үрдіс санадан өшіріліп барады. Қоғамда кыздар арасында бей әдеп сөйлеуі, калай болса солай жүріп тұруы, ашык киінуі, ең өкініштісі «көкек» аналардын көбеюі көпті алаңдатып отыр. Өзінен шыккан сәбиін кез келген жерге тастап кету секілді корқынышты әрекеттерді естісек те селт етпейтін дәрежеге жеттік.

Бетті дайындаған АҚТОЛҚЫН НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөздерден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторлық, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетталіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 **Тапсырыс №243**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Марина САҒИДАТБЕК